

“Астана Медицина Университеті” АҚ

Тақырыбы: Амбулаторлы хирургия

Орындаған: Мұрат А.С.

Топ: 317 ЖМ

Қабылдаған: Исмагамбетова Б.А.

Жоспар

- I. Кіріспе
- II. Негізгі бөлім
 - 1) Амбулаторлы хирургия дегеніміз не?
 - 2) Артықшылықтары мен кемшіліктері
 - 3) Амбулаторлы хирургияның маңыздылығы мен емдеу принциптері
- I. Қорытынды
- II. Қолданылған әдебиеттер



Кіріспе

Науқастың ауруханада госпитализациясын барлық операциялар міндетті түрде қажет етпейді. Қазіргі заманғы хирургиялық техниканың даму сатысында көптеген хирургиялық ауруларды амбулаторлы түрде емдеуге болады.

Зерттеуге дейін науқас таңертең ауруханаға келіп операцияға дайындалады.

Операциядан кейін науқас бірнеше сағат дәрігер қарауында болып, ешке қарай ол үйіне қайтуына болады.

Қазіргі уақытта амбулаторлы хирургия көптеген елдерде кең таралуда

амбулаторлы хирургия орталықтарында операциялар жаңа аз жарақаттайтын хирургиялық әдістермен жасалуына байланысты қазіргі уақытта кең таралуда. Кейбір түрлерін жергілікті анестезиямен жасау арқылы операциядан кейінгі болатын асқынуларды болдырмауға бағытталған.

Амбулаторлы операция 17 ден 60 жас аралығында, ауруы ешбір ауыр және қосымша ауруларсыз өтіп жатқан барлық адамдарға болады.



-
- **Амбулаторлы хирургия** – хирургиялық емдеудің түрі, науқас клиникаға түсіп, оған операция жасалып (немесе оған қандай да бір инвазивті зерттеу жүргізіледі), және сол күні ауруханадан шығарылады.. Амбулаторлы хирургия – жоғары дәрежеде дамып келе жатқан хирургияның бір бағыты, бір жағынан жұмсалатын қаржыны үнемдейді және ауыр асқынуларды болдырмауға бағытталған(терең веналардың тромбозы және ауруханаішілік инфекция, өткізілетін емнің әсерін күртатын асқынулар)
-



- Амбулатория мен емханалада хирургиялық кабинетте 80% жуық госпитализацияны қажет етпей емделеді, 50 % жуық науқастар алғаш келіп, емхананың негізгі міндеті болып аурудың диагностикасы мен госпитализацияға жату керектігін анықтау болып табылады. Бірінші, жедел көмекті қажет ететін науқасты тексереді. Жоғары температурамен жүретін жарақаттар, іш қуысының жедел және қабынулық ауруларын тез қабылдайды. Қалған науқастарды хирург пен регистратураның қойылуы, келген кезектері бойынша қабылданады. Амбулаторлы жағдайда пигментті ісіктерді, сүт безінің ісігі, тік ішектің полипын алып тастауға болмайды, өйткені бұл жағдайда алып тасталған препараттың жедел гистологиялық зерттеулер жасау керек.



-
- Амбулаторлы карта толтырылып, дәрігер хирургтың және науқастың келісімі бойынша, науқас ауруы жеңіл дәрежеде болған жағдайда үйлік жағдайда қаралуға келіседі. Науқасты міндетті түрде белгілі бір уақыттарда үйіне барып қарап, тексерулер жүргізіп отырады. Жағдайын қадағалап отырады.



Хирургияның бір күндік бөлімшесінің жұмысы дұрыс жүргізілуі үшін үш негізгі міндеті орындау қажет:

1. Ұйымдастырылуы. Хирург, анестезиолог, администрациядағы қызметкерлер және сол науқасты жіберетін дәрігер бір бірімен тығыз және тиімді қарым қатынаста болуы қажет..
2. Адекватты аппараттар, адекватты орналасқан мекеме, төсек орындар және барлық қажеттіліктерді ескеру керек. Бір күндік хирургия бөлімшесі міндетті түрде хирургиялық стационармен тығыз қызметтес байланыста болу қажет. Мұнда бір күндік хирургия бөлімшесі жедел хирургиялық көмек көрсеткен стационар негізінде ұйымдастырылып, мұндай жағдайда, яғни белгілі бір жағдайларға байланысты асқынулар болса, қайталама госпитализация үшін әрқашан бос төсек орындар болу қажет.
3. Дайындалған тұрақты медқызметкердің болуы. Амбулаторлы хирургияда жұмыс істеуші қызметкер тәжірибелі және жоғары маманданған болу керек. Ол қателіктер қауіптілігін төмендету және болатын асқынуларды алдын ала болжау үшін қажет.



Артықшылықтары



- Психологиялық түрде науқастарға операциядан кейін уйлерінде болғаны ыңғайлы, егер медперсоналдың әрдайым қарауын қажет етпеген жағдайда..
- Бұндай емдеу ауруханаға түскеннен арзанырақ
- Науқас өзінің қарапайым өміріне тез орала алады.
- Аурухана ішілік инфекцияның даму қаупін болдырмайды.

Қарсы көрсеткіштері:

- Бауыр, бүйрек, жүрек қантамыр жүйесінің қосымша аурулары. Созылмалы ауруы асқынбаған жағдайда және компенсация стадиясында болмау қажет. Қатаң түрде қарсы көрсеткіштері болып, тұмау немесе ОРЗ, қанның ұюының бұзылысы, дәрілік заттарға айқын аллергия,





папиллома



- Қалған жағдайларда, амбулаторлы түрде іш қуысының алдыңғы бөлігінің грыжасы, (науқас хирургиялық операция жасалғаннан кейін сол күні шығарылады), лапароскопиялық холецистэктомия, яғни мұнда іш қуысына кішкене тесік жасап, өтті алып тастайды.
- Егер де операцияны жергілікті анестезия арқылы жасайтын болса, науқасты бүрнеше сағаттан соң шығарылады. Мұндай жағдайда тері мен шел май қабатының, папиллома, қатерсіз ісігі, өсіп кеткен тырнақ кезінде жасауға болады. Жиі минифлебэктомия жасалады. Бұл операцияны венаның зақымдалуы, аяқтың беткейлік венасының варикозды кеңеюі кезінде қолданылады. .
- Көбі амбулаторлы орталықтан шыққан соң, асқынулар болады деп қорқады Реабилитациялық период орташа он күнге созылады, науқас үйінде болса да мамандардың қатаң қарауында болады.



Жалпы хирургия

- Атерома
- Липома
- Фиброма
- Тері асты клетчаканың іріңді абсцесі
- Қал, мозоль
- Контрактуралар
- Папиллома, кондилома
- Терінің қатерсіз ісігі



Оталарингология

- ЛОР ағзаларының абсцесі, гематома, киста

Созлмалы тонзилит, ринит

Жедел синустар, гайморит

Мұрыннан қан кету

Қатерсіз ісіктері

Қорытынды

Қорыта келгенде, амбулаторлы хирургия қазіргі кезде жаңа технологиялар мен білімді қолдана отырып перспективті түрде дамып жатқан медицина саласы. 20 жылдық зерттеу бойынша, амбулаторлы хирургияда операциядан кейінгі асқынулар мен стационардағыдай операциялық қосылулар аз дәрежеде болады деп есептеуде. Операциялар жергілікті анестезияны жүргізіп, тіндерді лазермен кесу немесе радиохирургия заманауи техникаларды қолданып қайта қайталануды төмендетуде. Амбулаторлы операция жасар алдында; қан анализі және гепатит, ВИЧ, сифилиске анализ тапсырылады. Күндізгі және үйлік стационарларды дамыту және медицинаға енгізу мемлекеттің денсаулық сақтаудың стратегиясы болу шарт.



Қолданылған әдебиеттер

- Интернет
- Амбулаторная хирургия, справочник
- Қосымша амбулаторлы хирургия журналы

